

USB-тармақтағыш DEXP BT7-01

Жабдықтың тағайындалуы

USB-тармақтағышы бірнеше сандық құрылғыларды бір USB портына қосуға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны бөлшектемеңіз, құлатып алмаңыз және сілкімеңіз.
- Зақымдалған кабельдері бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Пайдаланылмаған құрылғыны USB портынан ажыратыңыз.
- Бұйымды бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Бұйымды тұтандырмаңыз және жылытпаңыз. Оны қоршаған орта температура-сында 60 °C-тан жоғары пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны бұзбаңыз, теспеніз немесе жоғары қысымға ұшыратпаңыз.
- Балалардың көзінше бұйымды қараусыз қалдырмаңыз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

- Құрылғыны желіге қосыңыз.
- Құрылғы коннекторын мобильді құрылғының USB портына қосыңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар контейнерлерден қашықтықта болуы керек.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: BT7-01.
- Кіріс кернеуі: 220-240 В ~50/60 Гц, 0.3 А.
- Шығыс кернеуі: 5 В --- 2 А.
- Қосылым жалғағышының түрі: USB.
- USB порттарының саны: 7 дана.
- USB үйлесімділігі: 2.0.
- Деректерді беру жылдамдығы: до 480 Мбит/с.
- Кабель ұзындығы: 60 см.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5 °С...40 °С температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Жайларда коррозия тудыратын қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектессіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Нэбьюлоса Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Каб. 301, D ғимараты, Цзиньэе 3-ші көш. 7, ғылыми қалашық, өнеркәсіпті және жоғары технологияларды дамыту аймағы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.